

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметінің отырысы
ХАТТАМА №7

Қатонқарағай ауылы

22.07.2026 жыл

Отырыс төрағасы: кәсіпорын директоры Н. Ахметжанов

Қатысқандар: бөлім басшылары, музей қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 7 сәуірдегі №277-VIII Заңымен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қарау және оларды ұйым қызметінде іске асыру мәселелері.

Комплаенс қызметінің өкілі 2026 жылғы 8 маусымнан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат берді.

Баяндама барысында өзгерістердің негізгі бағыттары түсіндірілді:

- азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарды еңбек қатынастарын жасыру мақсатында пайдалануға шектеу енгізілгені;
- еңбек қатынастарының белгілері болған жағдайда мұндай қатынастар еңбек шарты ретінде танылатыны;
- қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға бағытталған талаптардың күшейтілгені;
- міндетті медициналық тексерулер мен скринингтен өтуге байланысты қызметкерлердің еңбек құқықтарына берілетін кепілдіктердің нақтыланғаны;
- уақытша еңбекке жарамсыздық немесе әлеуметтік демалыс кезеңінде еңбек қатынастарын тоқтатуға қатысты рәсімдердің жетілдірілгені.

Сонымен қатар, кеңес аясында ұйым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қатысты анонимдік сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 17 қызметкер қатысты. Сауалнаманың мақсаты – ұйымдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты қызметкерлердің пікірін анықтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін бағалау және оны жетілдіру бағыттарын айқындау болды.

Сауалнама нәтижелері бойынша қызметкерлердің басым бөлігі ұйымда сыбайлас жемқорлықтың жоқ екенін немесе оның деңгейі төмен екенін атап өтті. Қатысушылардың көпшілігі ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер мен саясаттың бар екенін және жүргізіліп жатқан іс-шараларды тиімді деп бағалады. Сондай-ақ қызметкерлердің басым бөлігі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау тетіктеріне сенім білдірді.

Ашық сұраққа берілген ұсыныстардың ішінде заң талаптарының сақталуын күшейту, жауапкершілікті арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жүргізу қажеттігі айтылды.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің оң деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Сонымен қатар, қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жалғастыру, заңнама талаптарын сақтау бойынша ақпараттық жұмыстарды тұрақты жүргізу және ішкі бақылау тетіктерін одан әрі жетілдіру ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне 2026 жылғы 8 маусымнан бастап енгізілген өзгерістер туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Кадр қызметіне еңбек шарттары мен ішкі нормативтік құжаттардың қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкестігіне талдау жүргізіп, қажет болған жағдайда оларды жаңарту тапсырылсын.
3. Қызметкерлер арасында еңбек заңнамасындағы өзгерістерді түсіндіру және еңбек құқықтары жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қамтамасыз етілсін.
4. Қызметкерлер арасында жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қатысты анонимдік сауалнаманың нәтижелері назарға алынсын.
5. Сауалнама қорытындылары негізінде ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және алдын алу шараларын тұрақты негізде жалғастыру қамтамасыз етілсін.
6. Осы хаттаманың орындалуын бақылау директордың орынбасары А.Т.Сарбасовқа жүктелсін.

Директор

Комплаенс-қызметінің жауапты өкілі



Н. Ахметжанов

Ж. Елемесова